

14

15

Керей мен Жәнібек хан қайда жерленген?

Тарихшыларымыздың қазақ ұлттық мемлекетінің түп бастауын таба алмай, айтысып-тартысып келе жатқанына он бес жылдың жүзі болды. Бірқатар білікті зиялыларымыз Керей мен Жәнібек бастаған Қазақ хандығының шаңырақ көтергенінің 550 жылдығын биыл тойлауға күш салуда болса, келесі бір зиялылар тобы оны 2008 жылы мемлекеттік деңгейде лайықты атап өтуге шақыруда. Ал Тарих және этнология институтының ғалымдары «2008 жылы Қазақ хандығының құрылғанына 640 жыл толады» деп отыр.

Бұлардан басқа да карама-қарсы пікірлер, Құдайға шүкір, жетерлік. Өзіміз тарихшы болмағандықтан, дәл қазір республика бойынша қызу талқыланып жатқан бұл мәселе жөнінде пікір қосып, тұжырым жасаудан аулақпыз. Дегенмен, осы орайда, елдік тұрғыда көтерілмей жүрген бір мәселеге қозғау салсақ деген ниеттеміз. Яғни бүгінгі әңгіме Қазақ хандығының түп бастауында тұрған Керей мен Жәнібектің қайда жерленгені жөнінде болмақшы.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТІРЕГІ – СОЗАҚ

Қазақтың алғашқы хандары Керей мен Жәнібектің Әбілхайырдан бөлініп, Шу бойы мен Қозыбасы деген жерде Қазақ хандығының алғашқы іргесін қалағаны тарихтан белгілі. Ал Қазақ хандығының қалыптасып, нығайып ел болуына тірек болған шаһарлардың ішінде Созақ шаһарының орны ерекше болғанына дәлел-дерек жетерлік.

Атақты ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан: «Қаратаудың солтүстік бөктерінде, Созақ поселкесінің жанында сол аттас қамал қала бар, ол қазақ жерлерін біріктірудің бастапқы кезеңінде қазақ хандығының тірегі болған. Созақ әрдайым-ақ далалық аудандарда билік жүргізуі үшін де, сонымен бірге Түркістандағы қалалар үшін де Қазақ хандығы әкімдерінің сыртқы жаумен күресіндегі басты таянышы, стратегиялық тұғыры болды» деп жазады.

Ал жазушы-ғалым Мұхтар Мағауин өзінің атақты «Аласапыран» романын ә дегеннен «Тарихтың тоғыз жүз тоқсан алтыншы, тышқан жылы наурыз туып, қар сөгіле шығыс Дешті-Қыпшақтың падишахы Тәуекелдің сауын айтып, шұғыл шақыруымен, киіз туырлықты қазақ ұлына үкім жүргізуші қасқа-жайсаң атаулы Қаратаудың терістігіндегі Созақ қаласына құрылтайға жиналды» деп бастайды.

Керей мен Жәнібек ханның және олардың балаларының Созақта болғандығын тарихи дерек те растайды. 1470 жылы Керей ханның Түркістанға шабуыл жасағаны жазба деректен белгілі. Осы соғыста Созақ пен Сауран қалалары Қазақ хандығының құрамына кіреді. Қамал-қаланың Сарыарқаға шығатын қақпа тәрізді маңызын түсінген Жәнібек хан өзінің үлкен баласы Махмұт сұлтанды Созаққа әмірші етіп қояды.

Ол осы шаһарды ұзақ уақыт билеген. Осы орайдағы бір дерек бойынша, Жәнібек хан ұрыс кезінде қарт Қаратаудың Суындық асуында қаза табады. Ендеше, Жәнібек ханның өз баласы билеп отырған Созақта жерленуі әбден қисынға келеді. Ал Қаратаудың атақты Суындық асуында Керей ханның ұлы Бұрындық пен Махмұттың біріккен әскерінің Мұхаммед Шайбанидың әскерін тас-талқан етіп жеңгені тарихтан белгілі.

Атақты жазушы Ілияс Есенберлин «Алмас қылыш» романында: «Әбілхайыр хан мен оның ата жауы Жәнібек ханның қабірлері Созақ Мединесінде, дәлірек айтсақ, Созақтың «Жуантөбесінде» қатар жатыр,» деген жорамал жасайды. Осыған тоқтасақ, Созақ ауданында екі Жуантөбе бар. Оның бірі – Созақ ауылындағы «Жуантөбе» деген төбе, екіншісі – 60-жылдары құрылған «Жуантөбе» деген ұжымшар. Әрине, бұл жерде жазушы Созақ ауылының Жуантөбесін айтып отырғаны анық.

Әрине, әдеби шығарма тарих емес. Дегенмен тарихи деректер Әбілхайыр ханның Сығанақпен қатар Созаққа жерленгеніне қарсы емес. Себебі Әбілхайырдың 1468 жылы Моғолстанға жорыққа бара жатып өлгенін ескерсек, ол кезде Созақты оның сенімді адамы Бақтияр сұлтан билеп тұрған.

Орыс патшасы, кешегі кеңестік қызыл қырғынды былай қойғанда, Созақ даласында ойрат, шүршіт, жоңғар, қалмақ талай ылаң салған. Атақты «Елімай» әні Қаратауда, онда да осы Созақтың Қаратауында туған деседі. Небір нәубетті бастан кешкен қара халық сүйегі әлдеқашан курап кеткен хандар тұрмақ, өз әке-шешесінің моласынан көз жазып қалған жоқ па?..

«ХАН МАЗАРЫ» ҚАШАН ТЕКСЕРІЛЕДІ?

Созақта «Хан мазары» бертінге дейін болған. Оның орнын жақсы білетін қарттардың көзі әлі тірі. Ендеше, кештік етпей тұрғанда, Қазақ хандығының шаңырақ көтеруіне байланысты айтулы датаға дайындық жүріп жатқан қазіргідей тұста, тарихшы, археолог ғалымдар осының анық-қанығына жетіп жатса, қанекей!

Созақтық тарихшы Сүлеймен Тәбірізұлы «Созақ ауылының байырғы қарттары бір ауыздан қамал-қаланың түстік жақ шетіндегі қазір тегіс жерге айналып, белгі қалмаған орынды «Хан мазары» деп көрсетеді. Яғни 1950 жылдарға дейін қамал-қаланың сыртқы жағында дуалға жапсарласа тұрған қос қабірді халық «Хан мазары» деп келген. Қабірлердің үстінде жасыл түсті, күйдірілген құмыра тәрізді шошақ белгі болған. Кейіннен қабір қамалдың құлаған дуалдарының астында қалып, тегістеліп кеткен.

Айтуға қарағанда, «Хан мазарында» Керей мен Жәнібек хан жатыр, енді біреулер Жәнібек хан мен оның Созақты билеген баласы Махмұт сұлтан, кейбірі Жәнібектің немересі Ақназар хан (Хақназар) жерленген деп айтады» дейді. Ел аузындағы тағы бір дерек бойынша, Шу арнасының шығыс жақ

бетіндегі «Хан тау» атанған орынға XV ғасырдың 70-жылдарының басында қайтыс болған Керей хан жерленген.

Созақ шаһарының батысындағы «Ақназар» деген мөлдір бұлақты жердің атын жергілікті халық Қасым ханның баласы Ақназар ханның атымен байланыстырып, «Ақназар ханның ақ ордасы тігілген жер» деп айтады. Бұл да тарихшы-ғалымдардың ескере жүрер нәрсесі. Ақназар хан Қазақ хандығын 42 жыл билеген. 1580 жылы 23 сәуірде Ташкент билеушісі Баба сұлтанның астыртын адамдары өлтірген Ақназар хан өзінің өсиеті бойынша, Созаққа жерленген деседі. Ел тілегі бойынша, бертінде Созақтағы Қарабура әулие зиратында Ақназар ханға арнап құлпытас орнатылған.

Халқымыздың «Рух сардары» атанған дуалы ауыз қайраткері, марқұм Өзбекәлі Жәнібеков 1994 жылы Созаққа арнайы келген сапарында «Тарихи болжамдарға қарағанда, қазақ хандарының Созақта қабірлері болуы керек» деген пікірін айтып, дерек көздерін жинауға кеңес беріпті. Өзағана ертеректе жергілікті ақсақалдар Созақ даласынан хандардың шошайып тұрған моласын көрсеткенін, бірақ жастау болғасын оған онша мән бермегенін, кейіннен сол орынды іздеп барғанмен, таба алмай, сан соға өкінгенін біздің де оқығанымыз бар.

Теріскей елі ішіндегі хандар қабірінің орналасқан жерін білетін құйма құлақ, зерделі қариялардың біртіндеп «келместің кемесіне» мініп жатқанын ескерсек, тарихшы, археолог ғалымдар жоғарыда айтқан Созақтағы «Хан мазарына» самарқаулық танытпауы керек-ақ. Шынымен зерттеймін деген мамандар болса, жәрдем берер жанның табылары анық.

Дәл қазір мемлекет құрып берген қасиетті хандардың қабірі болуы мүмкін жер жергілікті өлкетанушыларға ғана керектей. Ал бұл жөнінде зерттеу жүргізіп келе жатқан созақтық тарихшы-қаламгерлер Сүлеймен Тәбірізұлы мен Жарылқасын Боранбайдың шырылдаған даусы ауыл-аймақтан аса алмай отыр.

Бір қуантарлығы, Созақ ауданының әкімі Созақбай Әбдіқұлов мырзаның бастамасымен Керей мен Жәнібектің асқаралы ескерткіші Созақ ауданының орталығы Шолаққорған кентіндегі кіре берісте жаңадан салынып жатқан «Жастар саябағында» бой көтергелі жатыр. Бұл енді, шынында да, сүйінші сұрарлық нәрсе!..